

Әдістемелік отырыс №1

Хаттама №1

21.09.2023 ж

Тақырыбы: Жоспарларды талқылау және бекіту

Өтетін жері: «Аяжан» балабақшасының әдіскер бөлмесі

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Д.Ирзабекова

Балабақша әдіскері: Д.Ирзабекова

Тәлімгер педагог: А.Таменова

Медбике: К.Джарылкасымова

Тәрбиешілер: 4

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы (әдіскер Д.Ирзабекова)
2. «Тіл - татулық тірегі» педагогтерге арналған дөңгелек үстел (тәрбиеші Сайталиева Н.)

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Ирзабекова Динара 2023 жылғы жаз айларында басшылық тарапынан бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Балалардың денелері шынықтырылып, сауықтыру шаралары жүргізілді. Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциялық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамуына септігін тигізетін жағдай жасалды. Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзартылды. Сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізу:

- әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасау;
- бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;
- құрдастармен және ересектермен қарым-қатынаста жұмыс жасауға үйрету;
- дене және психикалық денсаулығын нығайту;
- қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды. Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты: балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту; балалардың спорттық іскерліктерін дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу. Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен көңіл бөлінді. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, дене тәрбие нұсқаушысы, саз жетекшісі, тәрбиешілермен бірге балалардың қорғау күніне «Бақытты балалық шақ», «Алақай жаз келді», «Көңілді старт» спорттық ойын-сауық, «Менің туған өлкем» тас жолда сурет салу көрмесі, «Менің сүйікті ертегім» шаралары ұйымдастырылды.

Жарыс сөз

Балабақшаның тәрбиешісі Болатова Гүлназ өз сөзінде әдіскер Д.Ирзабекова айтқандай жазғы демалыс балаларға жақсы әсер етті. Бойлары шынығып, жақсы демалыс болды. Күн, су, ауа жаттығулар жасап әртүрлі дәрумендер берілді.

Тыңдалды

Екінші мәселе бойынша балабақшаның тәлімгер педагог Сайталиева Назым педагогтермен «Тіл-татулық тірегі» тақырыбымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Тіл туралы сұхбаттасты, сауалнамаларға жауап берді, тіл туралы әңгімелесті. Тіл - ұлттың жүрегі, халықтың жаны. Ана тілімізді құрметтеу, арқылы біз бірлігімізді нығайтамыз. Татулықтың тірегі - тіл екенін ұмытпайық!

Шешім:

1. Д.Ирзабекова жазға жұмыстардың қорытындысы қанағаттандырылды.
2. Н.Сайталиева дөңгелек үстелі қанағаттандырылды.

Төрайымы:

Хатшы:



Д.Ирзабекова
Г. Болатова

Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

2023 оқу жылының жазғы кезеңінде балабақшада тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, дене белсенділігін арттыру, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында кешенді сауықтыру жұмыстары жүргізілді.

Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес құрылып, барлық жас ерекшелік топтарында жүйелі түрде жүзеге асырылды. Жұмыс барысында балалардың жас ерекшеліктері, денсаулық жағдайы және жеке қызығушылықтары ескерілді.

Жаз айларында күн тәртібіне сәйкес балалардың таза ауада болу уақыты ұзартылды. Таңертеңгі гимнастика, сергіту жаттығулары, қимылды ойындар және спорттық іс-шаралар күн сайын ұйымдастырылды. Балалардың дене шынықтыруға қызығушылығын арттыру мақсатында «Көңілді старттар», «Денсаулық күні», «Спорт - денсаулық кепілі» атты спорттық мерекелер өткізілді.

Сауықтыру жұмыстары барысында шынықтыру шараларына ерекше көңіл бөлінді. Атап айтқанда, ауа және күн ванналары, жалаңаяқ жүру, су процедуралары, серуен кезіндегі белсенді қозғалыс ойындары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар балалардың иммунитетін нығайтып, денсаулық көрсеткіштерінің жақсаруына оң әсерін тигізді.

Жаз мезгілінде экологиялық тәрбие беру жұмыстары да жүйелі жүргізілді. Балалар табиғат құбылыстарын бақылап, гүлдер мен ағаштарға күтім жасауға қатысты. «Табиғатты аялайық», «Гүлдер әлемі», «Жас бағбан» тақырыптарында танымдық іс-шаралар өткізілді. Бұл жұмыстар тәрбиеленушілердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастырды.

Сонымен қатар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру жұмыстары ұйымдастырылды. Ашық ауада асфальтқа сурет салу, табиғи материалдардан бұйымдар жасау сияқты қызықты жұмыстар өткізілді.

Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды. Жол қозғалысы ережелері, судағы қауіпсіздік, күннен қорғану, табиғат аясындағы қауіпсіздік туралы әңгімелер мен ойын сабақтары өткізілді. Ата-аналарға жаз мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары жөнінде кеңестер мен жадынамалар таратылды.

Ата-аналармен өзара ынтымақтастық жұмыстары да белсенді жүргізілді. Олар балабақша аумағын абаттандыру, гүлзарларды күтіп-баптау және түрлі мерекелік іс-шараларға қатысып, балабақша өміріне белсенді араласты. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің денсаулық көрсеткіштері тұрақтанып, қимыл-қозғалыс белсенділігі артты, табиғатқа деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттері дамыды. Балалардың жазғы демалысы мазмұнды әрі қызықты ұйымдастырылып, қойылған міндеттер толық көлемде орындалды.

Қорытындылай келе, балабақшадағы жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сәйкес тиімді ұйымдастырылып, балалардың денсаулығын нығайтуға, жан-жақты дамуына және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған негізгі мақсаттарға қол жеткізілді.

Әдістемелік отырыс №2
Хаттама №2

16.02.2024 ж

Тақырыбы: Оқу-тәрбие жұмысының I жартыжылдық қорытындысы және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру

Өтетін жері: «Аяжан» балабақшасының әдіскер бөлмесі

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Д.Ирзабекова

Балабақша әдіскері: Д.Ирзабекова

Тәлімгер педагог: А.Таменова

Медбике: К.Джарылкасымова

Тәрбиешілер: 4

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы (әдіскер Д.Ирзабекова)
2. Балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын тиімді қолдану (тәрбиеші А.Таменова)
3. Балалардың денсаулығын сақтау және қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары (медбике К.Джарылкасымова)

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Ирзабекова 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасады. Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары мен циклограммаларының орындалуы, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің сапасы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеруі қарастырылды. Топтарда дамытушы ортаны толықтыру, балалардың дербес әрекетін ұйымдастыру, ата-аналармен жүйелі байланыс орнату жұмыстарының маңыздылығына тоқталды. Педагогтерге оқу-тәрбие процесінде балалардың қызығушылығын ескеріп, ойын, зерттеу және шығармашылық әрекеттерді көбірек қолдану ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша тәлімгер педагог А.Таменова мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруда ойын технологияларының маңызы туралы баяндады. Дидактикалық, қимылды, сюжеттік-рөлдік және дамытушы ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекет барысында жүйелі қолдану баланың ойлауын, тілін, қиялын, есте сақтау қабілетін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Педагогтерге ойындарды балалардың жас ерекшелігіне қарай тандап, әр баланың белсенді қатысуына жағдай жасау ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша медбике К.Джарылкасымова қысқы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу, бөлмелерді желдету, жеке бас гигиенасын сақтау және серуен кезіндегі қауіпсіздік талаптары туралы түсіндірді. Балалардың ауа райына сай киінуін бақылау, таза ауада қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру және ата-аналарға профилактикалық кеңестер беру қажеттігін айтты.

Жарыс сөз

Тәрбиеші Г.Болатова I жартыжылдықта балалармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесіне тоқталып, ойын арқылы ұйымдастырылған тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттыратынын айтты. Тәрбиеші Н.Сайталиева ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жалғастырып, балалардың үйде және балабақшада алған дағдыларының сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын технологияларын жүйелі қолданып, балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру жұмыстарын жалғастырсын.
3. Балалардың денсаулығын сақтау және қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары тұрақты бақылауда ұсталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Д.Ирзабекова

Г.Болатова

Әдістемелік отырыс №3
Хаттама №3

24.05.2024 ж

Тақырыбы: 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық

Өтетін жері: «Аяжан» балабақшасының әдіскер бөлмесі

Қатысқандар:

Балабақша директоры: Д.Ирзабекова

Балабақша әдіскері: Д.Ирзабекова

Тәлімгер педагог: А.Таменова

Медбике: К.Джарылкасымова

Тәрбиешілер: 4

Барлығы: 8

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы (әдіскер Д.Ирзабекова)
2. Тәрбиешілердің жылдық жұмыстары мен балалардың даму нәтижелерін қорытындылау (тәлімгер педагог А.Таменова)
3. 2024 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын талқылау және бекіту (медбике К.Джарылкасымова)

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Д.Ирзабекова 2023-2024 оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстардың қорытындысын таныстырды. Жыл бойы оқу-тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттеріне сәйкес жүргізіліп, балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды. Педагогтердің жоспарларының орындалуы, топтардағы дамытушы ортаның жағдайы, мерекелік және танымдық іс-шаралар, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қарастырылды. Жылдық жоспар бойынша белгіленген негізгі іс-шаралардың орындалғаны айтылды.

Екінші мәселе бойынша тәлімгер педагог А.Таменова тәрбиешілердің жыл бойғы жұмысына тоқталып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму көрсеткіштерінің динамикасын талқылады. Балалардың сөйлеу, қарым-қатынас жасау, өзіне-өзі қызмет көрсету, қоршаған ортамен танысу, шығармашылық әрекет және қимыл-қозғалыс дағдыларында оң өзгерістер байқалғанын атап өтті. Сонымен қатар келесі оқу жылында жеке қолдауды қажет ететін балалармен жұмысты күшейту, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуын жалғастыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша медбике К.Джарылкасымова жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар туралы хабарлады. Жаз мезгілінде балалардың таза ауада болу уақытын ұзарту, қимылды және спорттық ойындарды ұйымдастыру, су ішу режимін сақтау, күн өту мен жарақаттанудың алдын алу, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау қажеттігі түсіндірілді. Жазғы кезеңдегі іс-шаралар балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауға бағытталуы тиіс екені айтылды.

Жарыс сөз

Тәрбиеші Г.Болатова оқу жылы барысында балалардың белсенділігі мен дербестігі артқанын, ата-аналардың балабақша іс-шараларына қатысуы жақсарғанын айтты. Тәрбиеші Н.Сайталиева жазғы кезеңде балалардың таза ауадағы қимыл-қозғалыс белсенділігіне, шығармашылық және экологиялық бағыттағы іс-шараларға көбірек көңіл бөлуді ұсынды.

Шешім:

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстардың қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Педагогтер балалардың даму нәтижелерін ескере отырып, келесі оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын айқындасын және тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастырсын.
3. 2024 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітіліп, балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары қатаң сақталсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Д.Ирзабекова

Г.Болатова